



«БЕКІТЕМІН»

«Береле» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК

Директордың м.а

Н. Ахметжанов

2026 ж.

МУЗЕЙ ҚОРЫНДАҒЫ ЭКСПОНАТТАРДЫ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР ЖӘНЕ ТЕХНОГЕНДІК АПАТТАР КЕЗІНДЕ САҚТАУ ЖӘНЕ ҚОРҒАУ АЛГОРИТМІ

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Нұсқаулық музей қорындағы тарихи-мәдени құндылықтарды төтенше жағдайлар (өрт, су тасқыны, жер сілкінісі және т.б.) мен техногендік апаттар кезінде сақтау және қорғау тәртібін айқындайды.

1.2. Нұсқаулық музейдің барлық құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлері үшін міндетті болып табылады.

1.3. Нұсқаулықтың мақсаты:

- музей экспонаттарының сақталуын қамтамасыз ету;
- адам өмірі мен денсаулығын қорғау;
- материалдық шығынды азайту;
- апат салдарын жедел жою.
-

2. Терминдер мен анықтамалар

2.1. Төтенше жағдай – адамдардың өміріне, денсаулығына және музей мүлкіне қауіп төндіретін жағдай.

2.2. Техногендік апат – өндірістік, инженерлік немесе техникалық ақаулар салдарынан туындайтын апат.

2.3. Консервация – зақымдалған экспонаттарды сақтау және қалпына келтіруге бағытталған арнайы шаралар кешені.

3. Жауапты тұлғалар

3.1. Жалпы басшылық – музей директоры.

3.2. Төтенше жағдай кезінде үйлестіру – директордың орынбасары.

3.3. Қорды көшіру және сақтау – бас қор сақтаушы.

3.4. Техникалық қауіпсіздік – шаруашылық бөлімінің меңгерушісі.

4. Апатқа дейінгі дайындық шаралары

4.1. Қауіптерді бағалау:

- ғимараттың техникалық жағдайын тексеру;
- электр және су жүйелерінің қауіпсіздігін бақылау;
- табиғи қауіп факторларын талдау.

- өрт дабылы және өрт сөндіру жүйелері;
- бейнебақылау;
- климаттық бақылау құралдары;
- авариялық жарықтандыру.

4.3. Құжаттандыру:

- экспонаттардың толық инвентарлық тізімі;
- фотоқұжаттама;
- сандық деректер базасы;
- басымдық бойынша эвакуация тізімі.

4.4. Қызметкерлерді оқыту:

- жыл сайынғы нұсқама;
- эвакуация жоспарын бекіту.

5. Төтенше жағдай туындаған кездегі әрекеттер

5.1. Бірінші кезектегі шаралар

- адамдарды қауіпсіз аймаққа эвакуациялау;
- төтенше қызметтерге хабарлау;
- электр және газ жүйелерін ажырату (мүмкін болған жағдайда).

5.2. Экспонаттарды қорғау

- отқа, суға төзімді материалдармен жабу;
- қауіпті аймақтағы заттарды бекіту;
- басымдыққа сәйкес көшіруді бастау.

5.3. Басымдық тәртібі

1. Бірегей және ерекше құнды экспонаттар
2. Қағаз, мата, ағаш бұйымдар
3. Қалған қор материалдары

6. Апаттан кейінгі іс-шаралар

- 6.1. Ғимараттың қауіпсіздігін тексеру.
- 6.2. Залалды тіркеу және фотофиксация жүргізу.
- 6.3. Зақымдалған экспонаттарды оқшаулау.
- 6.4. Консервациялық және реставрациялық жұмыстарды ұйымдастыру.
- 6.5. Сақтандыру құжаттарын рәсімдеу (қажет болған жағдайда).

7. Қорытынды ережелер

- 7.1. Осы Нұсқаулық қажет болған жағдайда жылына кемінде бір рет қайта қаралады.